

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 5 қыркүйек N 850

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне: 1998 жылдың 7 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Күзет қызметінің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекіту; бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлеу және енгізу ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
5 қыркүйектегі
N 850 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылға	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер		
	Республикалық деңгейде әкімшілік шығыстар	Ұстауға	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Күзет шараларын қамтамасыз ету аппараты		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Көрсетілген қызметтер үшін
	Материалдық-техникалық базаны нығайту		
	Ғимараттарды күту және қызметкерлердің қызметін қамтамасыз ету		